

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 18)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Мұз генераторы	<p>Мұзгенератор тәулігіне жоғары көлемде мұз өндіруге арналған. Құрылғы берік материалдардан жасалған, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуге ыңғайлы. Жабдық энергия үнемдейтін технологиялармен және автоматты басқару жүйесімен жабдықталған.</p> <p>Техникалық сипаттамалары Қорек көзі: 220 В, 50/60 Гц (баламалы нұсқалар 110 В) Мұз өндіру қабілеті: тәулігіне кемінде 120 кг Мұз сақтау сыйымдылығы: 45 кг дейін Корпус материалы: тот баспайтын болат пен ABS инженерлік пластик Мұз қалыптастыру: тік ағынды технология, никель қапталған мыс табақша Басқару жүйесі: «ақылды ядро» (интеллектуалды басқару) Автоматты функциялар: мұз дайындау, мұздың түсуі, толық толуды анықтау Қызмет көрсету: бір батырмамен тазалау функциясы Экран: жарықдиодты дисплей, жұмыс жағдайын нақты көрсету</p> <p>Артықшылықтары Жоғары тиімділік және энергия үнемділігі Автоматтандырылған басқару және бақылау Төзімді әрі практикалық корпус Қолайлы күнделікті қызмет көрсету</p>	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары: алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл

қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу уақыты: тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.